



Автор: Акшалова Баян Сартаевна

Пән: Сауат ашу

Сынып: 1-сынып

Бөлім: Менің отбасым және достарым

Тақырып: Менің отбасым. Ұ ұ дыбысы мен әріпі

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	1.7 Тыңдалған материал бойынша өз пікірін айту 1.8 Берілген тақырыпқа әңгіме құрап айту 1.9 Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту
Сабақтың мақсаты:	1. Барлық оқушылар: Ұ дыбысына байланысты сөздерді оқиды. 2. Оқушылардың басым бөлігі: Сурет бойынша сөйлемдер құрайды, мәтінді оқи алады. 3. Кейбір оқушылар: Отбасы мүшелерін сипаттайды, мәтінді талдайды.
Тілдік мақсаттар:	
Күтілетін нәтиже:	Тыңдалған материал бойынша өз пікірін айтады. Берілген тақырыпқа әңгіме құрап айтады. Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айтады.
Бағалау критерийлері:	Айтылған сөздер мен сөйлемдердің көпшілігін дұрыс қайталай алады. Нақты сөйлеу арқылы, мәселені түсінгенін көрсете алады.
Құндылықтарды дарыту:	адамгершілік қасиеттерге баулу
АКТ-ны қолдану дағдылары:	
Пәнаралық байланыс:	
Бастапқы білім:	Менің отбасым. Қ қ дыбысы мен әрпі.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 минут)	Психологиялық ахуал. Қайырлы күн достым! Қайылы күн болсын! Бейсенбінің күні Сәттілікке толсын! Біздің алар бағамыз Кілең «бестік » болсын! Өткен сабақты қайталай отырып,Қ әрпіне сөз ойлау	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (27 минут)	Жұмбақ жасыру. Ұя,ұлу,ұшақтың Басын бастап беремін. Бұғы,жұмыртқа ,бұтақтың Ортасында келемін.(Ұ дыбысы) -Ұ дыбысын бәріміз бірге айтайықшы! * Ұ-ұ-ұ * Ұ дыбысы қалай айтылады? * Иә, әндетіліп, созылып айтылады, екен. * Ұ дыбысы қандай дыбыс? * Иә, дауысты дыбысты қандай текшемен белгілейміз? * Ендеше, балалар бүгін Ұ дыбысын әдемі, дұрыс айтып үйренеміз Дыбыстың артикуляциясын анықтау. * Енді, Ұ дыбысын созып, әндетіп айтайық. * Аузымызбен айтамыз, көзімізбен көреміз, құлағымызбен естиміз, басымызбен ойлаймыз. * Балалар,ұ дыбысын айту кезінде ерніміздің қалпы қандай болады екен? * Ерiнiмiз құбырға ұқсап, алға қарай сүйiрленiп шығады екен * Ал, ендi тiсiмiздiң қалпына қарайық. * Тiсiмiздiң қалпы қандай екен? * Иә, үстiңгi және астыңғы тiстерiмiздiң арасы ашық екен. * Тiлiмiздiң қалпы қандай екен? * Иә, тiлiмiз ұйықтап жатқан мысыққа ұқсайды. * Ауа еркiн шығады. 1. Оқулықпен жұмыс. Топтық жұмыс. 1 – топ. Суреттегi заттарды атау. Әр суретке сандар қойып,сол сандарды жазсын (алдарына берiлген параққа) 2 – топ. Осы суреттегi заттардың үстiне сандар қойып, атауындағы жаңа дыбыстың нешiншi буынында тұрғанын жазсын 3 – топ. Әр заттың өмiрде қажеттiлiгiне байланысты келетiн суретпен сәйкестендiру	
Сабақтың соңы (5 минут)	Видеоролик: «Көңiлдi күн» 2– тапсырма. Жеке жұмыс (мұғалiм жеке-жеке аралап жүрiп оқыту)	
Рефлексия (3 минут)	"Алтын шар" әдiсi	